

## **ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АТЫС ҚАРУЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аннотация. Мақалада еліміздегі полиция қызметкерлерінің атыс қаруын қолданудағы туындайтын заңнамадағы құқықты реттеу мәселелері қарастырылған.*

*Түйін сөздер: сөздер: қару, қызметкер, қауіпсіздік, құқық.*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орыңқтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары — деп, жарияланған. Мемлекетіміздің Негізгі заңы еліміздің құқықтық саясатын жүзеге асыруға бағытталған түбегейлі заңдылық базасы болғандықтан құқықтық мемлекет іргесі нығая бастаған қазіргі кезде адам және азаматтың өмірін, құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту басты мәселелердің бірі болып қала беретіндігі де белгілі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағында «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумасынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған орай анықталады» делінген. Сондықтан заң шығару ҚР ҚК 2-бабында қылмыстық заңдардың алдында тұрған міндеттерді көрсетіп берді (адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және т. б.).

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына сәйкес әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғануға хақылы.

ҚР ҚК 32-бабында «қажетті қорғану» түсінігі берілген, онда: қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немес өзге де адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскісін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, ол қылмыс болып табылмайды — делінген.

Ал, жалпыға бірдей адам құқығы мен бостандығын жүзеге асырғанда, демократиялық қоғамда заңмен белгіленген басқаның құқығы мен бостандығын мойындайтындай, моральдық, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық тұрмыстың әділ талаптарын орындайтын шектеулеріне сәйкес болуы тиіс<sup>1</sup>. Осыған байланысты, адамның, қоғамның, мемлекеттің арасындағы мүдделерінің қарама-қайшылығы болып отыратын заңдылық және одан қылмыстық мінез – құқықты бөлу қажет.

Мемлекеттік өкілеттігі бар адамдар көп жағдайларда қылмыстық заңның қорғалуына алынған адамның мүдделеріне заңды түрде зиян келтіретін әрекеттер жасайды (мысалы: ішкі істер органы қызметкерлерінің атыс қаруын қолдануы және т. б.). Осы әрекеттер өзінің құқықтық табиғаты жағынан, қылмыстық қиянат жасаудың белгілерімен ұқсас. Олардың заңдылығы туралы құқықтық қорытынды жасау — арнаулы өкілеттігі бар органдардың заң негізінде мемлекет атынан жасайтын өкілеті болып есептелінеді.

Қылмыстық құқық ғылымында мұндай әрекеттер қылмыстық әрекеттерді жоятын мән-жайлар ретінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «Қажетті қорғану», «Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру» және «Аса қажеттілік» және басқа да баптарында қаралған.

Әр күн сайын шектен тыс тағылық әрекеттер жасалып, Қазақстан Республикасы Конституциясының қорғалуына алынған адам құқығы аяусыз аяққа тапталып жатқан да, азаматтардың еліміздің қорғау органдарына деген сенімсіздік таныта бастаған жақтарында ішкі істер органдары қызметкерлеріне берілген, мемлекет атынан қолданылатын заңды билікті толық әділетті, табандылық көрсете отырып жүзеге асыру — бүгінгі күннің шұғыл талабы.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қылмыстылықпен күрестегі бірден-бір елеулі және белсенді өркениетті әрекеттерінің бірі қылмыстарды тоқтату, азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау және қылмыс үстінде көзге түскен адамды, атыс қаруын қолданып ұстау саналады. Оның құқықтық негізі «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылы 6 қаңтарда № 380-IV қабылданған заңның 61-бабында белгіленуі, қызметкерлердің атыс қаруын қолданып қылмыскерді ұстау заңды болуы үшін зиян келтіруінің заңды болуының шеңберін анықтайды. Осы орайда аталған мәселелердің толықтай заңды болуы үшін, бірқатар заңдылық жағдайларды өзінің мағынасы мен мазмұны жағынан қоғамға пайдалы екенін ашып көрсету қажет.

Қылмыс жасаушыға зиян келтіру әртүрлі болуы мүмкін, өмірін қию, өмірі мен денсаулығына, мүмкін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғаулары моральдік міндеттері болса, ол ІО қызметкерлеріне берілген заңды мемлекеттік борышы, ол өзінің міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындағаны яғни, қылмыстарды тоқтату, азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау және қылмыс үстінде көре түскен адамды, атыс қаруын қолдану барысында, адам мен азаматтардың, мемлекет немесе қоғам мүдделеріне елеулі зиян келтірілсе заңдарға сәйкес жауаптылыққа тартылады.

Сондықтан ІО қызметкерлерінің қылмыстарды болғызбауға, азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау және қылмыс үстінде көзге түскен адамды, атыс қаруын қолданып ұстау үшін, қылмыскердің істеген қылмысының, қылмыстық заң қорғауына алынған қандай объектіге қол сұғылғанын білу өте маңызды. Өйткені атыс қаруын қолдану арқылы адам өмірін қию, өмірі мен денсаулығына қауіпті зиян келтіру заңды ма, әлде заңсыз ба деген сұрақ туады.

Көп жағдайларда қылмыскер, арнаулы өкілеттігі бар адамдардың құрықтануына бағынбайды, бой тасалап және тығылып қалу әрекеттерін жасайды. Бұл жағдайларда қылмыскерді ұстау үшін және қылмыс үстінде көзге түскен қылмыскердің өміріне, денсаулығына мүлкіне атыс қаруын қолданып зиян келтіруде, өзінің табиғаты жағынан қылмыскерді заңды ұстау кезінде әсер ететін елеулі айырмашылықтары бар.

Аталған жағдайларда атыс қаруын қолдану мақсаты — қылмыстарды тоқтатуға, азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау және қылмыс үстінде көзге түскен қылмыскерді ұстауға бағытталғандықтан, ол оның ең қымбат қазынасы өмірі, денсаулығы және мүлкіне зиян келтіру арқылы жетіледі.

Мемлекет, құқық қорғау қызметкерлеріне атыс қаруын қолдануға рұхсат бергенде, қылмыстың алдын-алу жөніндегі БҰҰ VII Конгресінде қабылдаған және құқық қорғау жөніндегі лауазымды адамдардың күш пен атылатын қару қолдануының негізгі принциптерінің талаптарын орындай отырып, біріншіден — оның мүмкіндігін мейлінше қысқартуға, екіншіден халыққа белгілі заңдылық актілерде атыс қаруын қолданудың негізгі мәселелері толық және айқын реттеп отыруға міндетті<sup>2</sup>.

Бірақ, біздің ойымызша, бұл нормаларды талдау барысында оның бірқатар түсініксіз жақтары бар, біріншіден 61-баптың 1-тармағының, 1-бөлігінде «жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда оларды қылмыстық қол соғудан қорғау ...», 4-бөлігінде «қарсылық көрсеткен не қылмыс жасау кезінде қолға түскен, ... ұстау үшін» құқық берілген. Осы мәселелердің ІО қызметкерлерінің өздеріне берілген заңды мемлекеттік билікті және қызметтік борышын анықтау барысында кейбір қиындықтарға әкеліп соқтыруы және әртүрлі түсінуіне күдер туғызуы ықтимал.

Жоғарыда айтылған жайларды талдап қарасақ, біріншіден, қандай қылмыстық қол сұғудан азаматтарды атыс қаруын қолданып қорғауға болады; екіншіден, қандай қылмыс үстінде көзге түскен адамдарға атыс қаруын қолданып ұстау заңды.

Қорытындылап айтқанда, біздің пайымдауымызша, атыс қаруын қолдану жағдайында қылмыскердің қандай қылмыстық іс-әрекет жасағанына қарсы қолданылуын заң шығарушы тиянақтап көрсетуі қажет. Мысалы, бөтен мүлікті тонау мақсатында шабуыл жасауда жәбірленушінің өміріне, денсаулығына, қауіпті түрде күш жұмсалады, осы жағдайда атыс қаруын қолданып азаматты қылмыстық қол сұғудан қорғау заңды, ол ҚР ҚК 7-тарауында көрсетілген қылмыстарды болғызбау үшін атыс қаруын қолдану заңды ма? Осыған байланысты ПО қызметкерлері қылмыстарды болғызбауға, қылмыстық қол сұғудан азаматтарды қорғауға және қылмыс үстінде көре түскен адамды ұстау қылмыс жасаушыға қарсы атыс қаруын қолданып өмірін қию, өміріне қауіпті түрде әртүрлі дәрежеде зиян келтіру тек, зиян келтіру немесе зиян келтіру қаупін туғызатын қылмыскердің іс-әрекеттеріне байланысты болуы керек.

Осындай шешім, ПО қызметкерлерінің қылмыстарды болғызбауға, қылмыстық қол сұғудан азаматтарды қорғауға, қылмыс үстінде көзге түскен адамды ұстау үшін атыс қаруын қолданған кезде, ол өзінің әрекетінің қоғамға пайдалы екені және осы заңды әрекеті үшін қылмыстық жауаптылыққа, өзінің қызметтік борышын орындап қылмыстылықпен күрес жолында тартылмау кепілділігін мемлекет қамтамасыз етуі қажет.

Бұл мәселеге Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының нормативтік қаулысымен түсініктеме берілуі қажет, өйткені қызметкерлердің өздеріне берілген заңды мемлекеттік — билікті және тергеу-соттық тәжірибеде атыс қаруын қолданған нақты істерді дұрыс шешілуін қамтамасыз етер еді.

Көбінде қылмысты бастау бастамасы қылмыскерге тиесілі, ол қиянат жасаудың уақытын, орнын, құрал-саймандарын, қылмыстық мақсатқа жету жолдарын таңдайды. Ал ПО қызметкерлері қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіруде атыс қаруын қолдану үшін өзі ойында көп шарттар мен қажетті қорғану шегінен шығып кетпеу деңгейін ұстануы керек.

Осыған байланысты ПО қызметкерлері екі оттың «қылмыскерге тойтарыс беру» және «шегінен» асып кетпеу арасында қалып отыр. Бұл жерде заң жайсыз жағдайлар қауіп қатерін ПО қызметкерлеріне қаратып отыр. Конституция қорғауындағы азаматтың құқықтарына және осындай қиянатты болғызбауға шешім қабылдаған адамның кешірімді қателігі үшін, қатал түрде қиянат жасаушыға зиян келтіруді күтпеуі керек пе? Заң құқық қорғау қызметкерлеріне берілген заңды мемлекеттік — билікті ешқандай кедергісіз қолдануға, ал қылмыскерлердің жағдайларын қиындатуға тиіс деп санаймыз.

Қылмыстық әрекеттерді шектеу немесе оны алдын-алу, мемлекет өкілдеріне міндеттелінгендіктен, заңдылық нормаларда олардың құқықтары, қылмыскерге қарағанда артық болуы тиіс. Оның шешімді жолы ретінде талданып отырған заңның 61-бабында қаралған жағдайлар пайда болуы мүмкін екендігіне көзі жеткенде атыс қаруын, ату жағдайына келтіру және өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, қауіпсіздік шеңберін, яғни, қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаушы адамның, қызметкер белгіленген арақашықтықтан асуы пайда болғанда, қаруды қолдану құқығы болуы қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар, келешекте 61-баптың 4-бөлігіне «атыс қаруын ауыр және аса ауыр қылмыс жасау үстінде қолға түскен, қарулы қарсылық көрсеткен адамды және адамдарды, сондай-ақ қаруды тапсыру туралы заңды талаптарды орындаудан бас тартқан адамды, егер өзге де тәсілдермен және құралдармен қылмыскердің қарсылығын тоқтату, ұстау немесе қаруын алу мүмкін болмаса, ұстау үшін» деген толықтырулар енгізілсе дұрыс болар деген тұжырымдамыз.

Бұндай қадам құқық қорғау органдары қызметкерлерінің азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау, олардың отбасы мүшелеріне, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару үшін қылмыскерге нақты пәрменді қарсылық көрсетудің, мүмкіндігін қамтамасыз ету талаптарына сай болар еді. Өйткені әрбір қызметкер қылмыстарды болғызбауға, азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғауда және қылмыс үстінде көре түскен адамды атыс қаруын қолданғанда ешқандай салдарсыз құқықты болуға тиіс.

Бұл мәселе ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің қалалардың көшелері мен ауылдарындағы тыныштық сіздерге байланысты. Қылмыспен, алаяқтықпен, заңдардың бұзылмауымен табанды да қатал күрес жүргізу керек»<sup>3</sup>.

### **Резюме**

В статье рассмотрены проблемы правового использования сотрудниками полиции Республики Казахстан огнестрельного оружия.

### **Resume**

In the giving article examines law troubles of using shooting gun by policemen in the Republic of Kazakhstan.

- 
- <sup>1</sup> Жалпыға бірдей Адам құқығы. 1948 жылдың 10 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған декларациясы.
  - <sup>2</sup> БҰҰ қылмыстылықты болдыртпау және құқық бұзушылармен қатынасы туралы. Хатшылықтың дайындаған баяндамасы. Нью-Йорк. 1990. — 124-129-б.
  - <sup>3</sup> Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Қазақстан халқына Жолдауы. — Астана, 06.03. 2009.